

«8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызының
«Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІР

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс дипломатиялық дискурстың құрылымын нақтылауға, негізгі белгілерін ажыратып көрсетуге, қазақ дипломатиялық дискурсының тезаурусын құрастыруға бағытталған. Осы орайда дипломатиялық дискурстың коммуникативтік аспектісіне тән тактикасы мен стратегиясы, прагматикалық аспектісіне тән тілдік және бейтілдік актілердің үлгілері жиналған және типтерге ажыратылған. Саяси және дипломатиялық дискурстың тілдік кеңістігі екі бөлек екенін, яғни терминдік қоры бір-бірінен өзгеше екенін, стильдік сөзсаптам белгілері басқаша екенін дәлелдей келе, қазақ дипломатиялық дискурсын институционалды дискурстың құрамдас

			<p>бөлігі екенін ғылыми негізде дәйектеген. Қазақ дипломатиялық дискурсында әлі күнге дейін толеранттылық сақталатынын және бұл қасиет ұлттық мінезбен (төзімділік, компромиске бару, сабырлық, агрессияға берілмеу, т.б.) тікелей байланысты екенін дәлелдеген. Зерттеудің ғылыми жаңалықтары лексикографиялық, лексикологиялық, дискурстық, терминологиялық бағытта қатар зерттелуінің аясында жүзеге асқаны байқалады. Сондықтан диссертациялық жұмыс дискурс теориясын, лексикография саласын жетілдіруге, соның ішінде тезаурустық сөздік, тақырыптық сөздіктерді құрастыруға елеулі үлес қосады. Дипломатиялық дискурсты зерттеу негізінде диссертант қазақ дискурсындағы ымырашылдық мінездің тілдегі көрінісін айқындап берді, қазақ дәстүріндегі келісімге келу, даудың әділ шешімін табу жолдары, екі тарапты бітістіру, бітімге келтіру жолдары қазіргі кәсіби дипломатиялық қызметте де сақталатынын ұлттық құндылық деп бағалаған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі ғылыми жұмыстың құрылымын меңгергені байқалады. Дипломатиялық дискурс жайлы әлемдік зерттеулерге шолу жасай отырып, өзге дискурстардан ерекшеленетін критерийлерін анықтаған. Диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарды меңгергені байқалады. Жұмыстың құрылымы, жазылу жүйесі, реттілігі сақталған. Зерттелуі қажет әрі маңызды мәселесі айқындалған, сол мәселені шешуде әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған. Диссертанттың ғылыми ойды жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі, тұжырымды мазмұнды жеткізуі ой жинақылығын көрсетеді. Зерттеушінің ғылыми стилі де жинақы әрі нақты. Зерттеу барысында хронологиялық талдау сақталған. Жарияланымдары да диссертация мазмұнына сәйкес келеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Қазіргі жаңа Қазақстанның интеграциялық дамуында халықаралық байланыстардың күшеюіне орай, қазақ дипломаттарының сөзсаптамасы мен тілдік қоры дипломатиялық дискурс параметрлеріне сәйкес болуы аса маңызды.</p>

		<p>Ол үшін дипломатиялық коммуникациядағы стратегиялық мүдде мен оны әсерлі жеткізу тактикасы үлкен тіл шеберлігін қажет етеді. Ымыралы қарым-қатынасты сақтай отырып, бәсекелес тарапқа өз позицияның дұрыстығы мен тиімділігін мойындату дипломатиялық сана мен танымның жоғары дәрежелі болуын талап етеді. Әрине дипломатиялық қатынастың нәтижесі – агрессиялық тіл емес, ымыралы тілдік қатынаста ғана көрінетінін және оны жүзеге асыру кәсіби шешендікті керек ететінін дәлелдеген бұл жұмыстың қазіргі қоғам үшін пайдасы зор. Сондықтан диссертациялық жұмыстың өзектілігі дау тудырмайды. Осы өзекті мәселені шешуде дипломатиялық дискурста болатын түрлі жағдаяттарды (яғни екі тарапты келісімді қатынас, конфликтілі қатынас, жанжалды қатынас, тәуелді қатынас, т.б.) анықтауда, дипломатиялық практикаға сүйенген. Демек, диссертациялық жұмыстың қоғам сұранысындағы өзекті мәселенің басын ашуға қосқан үлесі жоғары деп қабылдау қажет.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының 3 тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған, үш тарауда да дипломатиялық дискурстың зерттелуі эмпирикалық, гносеологиялық, салалық (лингвистикалық) реттілікпен жүйеленген. Бірінші тарауда дискурста қатысты теориялық зерттеулер мен тұжырымдар жіті талданып, зерттеушілер пікірі сараланып, ғылыми бағыттарына қарай топталып, нәтижесінде дипломатиялық дискурстың вербалды, бейвербалды қабаты, құжат түрлері мен оның рәсімделуіндегі негізгі өлшемдер анықталған. Екінші тарауда дипломатиялық дискурста тән белгілер, басқа дискурстан ажырататын айырым белгілері және дипломатиялық коммуникацияға тән заңдылықтар көрсетілген. Үшінші тарауда дипломатия практикасын негізге ала отырып, прагматикалық аспекті зерттелген. Дипломатиялық қатынастағы локутивті, иллокутивті актілер, манипуляция жағдаяттары талданған.</p>

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:

- 1) **сәйкес келеді;**
- 2) жартылай сәйкес келеді;
- 3) сәйкес келмейді

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Диссертант қазақ дипломатиялық дискурсының тезаурусын жасап, кәсіби мемлекетаралық дипломатияның сөзқолданыстары бөлек, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ымырашылдық дискурсының сөзқолданыстарын бөлек жинақтаған. Жұмыстың міндеттері рет-ретімен орындалуының арқасында зерттеуші мақсатына толық қол жеткізген деп айта аламыз. Себебі, диссертант алдымен дискурстың лингвотеориялық аспектісін қарастырған, Ақ Орда сайты мен сыртқы істер министрлігі сайтындағы халықаралық дипломатиялық кездесу диалогтерінен дипломатиялық шешендік, дипломатиялық әдеп, вербалды және бейвербалды қолданыстарды жинаған. Екі тараптың риясыз қарым-қатынасын жүзеге асыратын прагматикалық тәсілдер (сый-сияпат, бейресми кештер, галстуксыз кездесу, т.б.) дипломатиялық дискурстың құрамдас компоненттері ретінде анықталған. Қазіргі Қазақстандағы кәсіби дипломаттың тұлғасы ретінде – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тілі талданған. Жұмыста 6 міндет көзделген. Әрбір міндеттің орындалуының нәтижесінде 6 ғылыми тұжырым ұсынылған.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:

- 1) **толық байланысқан;**
- 2) жартылай байланысқан;
- 3) байланыс жоқ

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Дипломатиялық дискурс пәнаралық ұғым болғандықтан кәсіби дипломатия мамандығы мен лингвистикадағы зерттеулердің сабақтастығы, тарихи реттілігі, соған орай көне және жаңа сөздердің хронологиясы. Мәселен, қазіргі дипломатиялық дискурстағы жаңа сөздер «Дипломатия жаршысы» журналынан алынған екен, ал көне дипломатиялық атаулар Абылай ханның хаттарынан алынған. Осылайша логикалық байланыс сақталған. Диссертацияның бірінші тарауы әлемдік лингвистикада дипломатиялық тіл – дипломатиялық термин ретінде қарастырылуы басым болғандықтан,

			<p>алдымен сол мәселеге шолу жасалған. Дегенмен, дискурс терминдер жүйесі ғана емес, басқа да лексикалық қабаттағы бірліктер мен бейвербалды амалдардың, т.б. жиынтығынан болуын ескеріп, екінші тарауда коммуникативті мағынаны тудыратын дипломатиялық дискурстың қоры зерттелген. Үшінші тарауда прагматикалық әсерді тудыратын стратегиялық тактика зерттелген. Сондықтан әрбір мәселе, бірінен кейін бірі сабақтасып тарқатылған және оның шешімі анықталған. Сондықтан жұмыстың әрбір тарауы мен тараушаларының өзара логикалық байланысы бар.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған бірінші жаңа шешім – дипломатиялық тіл – бір ғана стильдік жүйеге емес, ресми және публицистикалық, риторикалық стильді қатар ұстанатын күрделі тіл екені дәлелденген. Себебі дипломатиялық дискурс кеңістігінде ең бірінші кезекте – құжаттар (ресми стиль), екінші кезекте – диалог, сұхбат, кездесу (публицистикалық стиль), үшінші кезекте – шаршы топ алдында нандыру, сендіру тактикасындағы сөйленіс (риторикалық стиль) көзделеді. Бұл дипломатиялық тілге тән белгілер, ал дискурсы бұдан да кеңірек екенін жүйелі айқындап беруі – жаңа. Автор ұсынған екінші жаңа шешім – дискурсты мәтіннен ажырататын айырым белгілі ұсынуы, яғни қарапайым тілде прагматикалық болуы маңызды болмаса да, дискурста прагматика болу басты шарт екенін дәлелдейді. Прагматикасы болмаса дискурс құрылмайтынын нақты аргументтермен дәйектейді. Бұл да – жаңа деп танылады. Автор ұсынған үшінші жаңа шешім – дипломатиялық дискурсқа тән белгі – манипуляция. Манипуляциялау екі жолмен жүзеге асады: культуртрегер және миссионерлік. Осы ғылыми тұжырым нақты дәлелденген. Дипломатиялық қатынаста екі тараптың болуы міндетті болғандықтан, ортақ мүдде немесе басым мүдде, өктем мүдде, тәуелдендіруші мүдделер болатыны көрсетілген. Әр тарап өз мүддесін өткізу үшін манипуляцияға баратыны, оның салдары колонизация немесе тәуелдену болатыны тарихи деректермен дәйектелген. Бұл да – жаңа тұжырым. Автор ұсынған төртінші жаңа</p>

			<p>шешім – қазақтың «толерантты», «төзімді» болмысының жалпыадамзаттық стереотипке айналуы. Қазақ дегенде қонақжай стереотипі – бірінші кезекте болатын, бұл стереотиптің қасына қазақтың төзімділігі әлемдік адамзат танымында басымдыққа ие болғанын осы жұмыстың мазмұнынан байқалды. Автор ұсынған жаңа шешімдердің жаңа болуы дәлелденуімен расталып отыр.</p> <p>Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдарға сыни талдау бар. Ғылыми деректермен мойындалған, деректердің сілтемесі берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор ұсынған бірінші ғылыми нәтиже – қазақтың көне дипломатиялық терминдерінің жиналуы. Абылай хан, Әбілқайыр хан хаттарындағы терминдік мәртебеге жеткен сөзқолданыстар жиі қайталануымен, ресми-іскери мазмұнда болуымен дәлелденген. Сондай-ақ көне дипломатиялық клишелердің анықталуы да жаңа деп танылады.</p> <p>Автор ұсынған бірінші ғылыми нәтиже – дискурс кеңістігіне тек тілдік қолданыстар ғана емес, адресат/адресант арасындағы коммуникацияны тудыратын факторлар – сый-сияпат, бейресми кештер, кездесулер де, ондағы диалогтің әсерлілігі дискурсология нысанына жататынын дәлелдеуі. Бұл да жаңа деп танылады.</p> <p>Автор ұсынған бірінші ғылыми нәтиже – тезаурустық сөздік құрамына лексикалық бірліктер, терминдер, нақыл сөздер, клишелер, атаулар (кеш атаулары, т.б.) енетінін, соның нәтижесінде тезаурус - эмбебаптығымен ерекшеленетінін дәлелдеуі. Демек, тезаурустың негізгі белгісі ретінде толық ақпарат беретін дефиницияны ғана емес, сөздікке енетін тілдіктердің сантүрлілігін де алған дұрыс екенін расталған. Бұл да – жаңа қағидат. Демек, жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, дипломатиялық дискурсты институционалды дискурстың құрамдас бөлігі ретінде дәйектеуі жаңа. Екіншіден, Қазақстанның кәсіби дипломатиясында жанжалды келіссөздерге жол берілмейтіні, үнемі алдын алып</p>

			<p>отыратын тактиканы сақтайтыны, сондықтан қазақ халқын «толерантты» деп тану стереотипі қазіргі қоғамда басымдықта екенін аргументтеуі - жаңа.</p> <p>Үшіншіден, ұсынылған тезаурустық сөздік құрылымының әмбебаптығы (лексема, термин, клише, нақыл сөз, атаулар) жаңа.</p> <p>Төртіншіден, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты дипломатиялық тұлға ретінде тану және оны мәмілегерлік тұлғасын стратегиялы тактикалары арқылы дәлелдеуі, нақыл сөздерінің мазмұнында ымырашылдық тақырыбы басым екенімен дәлелдеуі - жаңа.</p> <p>Төртіншіден, дипломатия түрлері: қоғамдық және цифрлық дипломатияның мазмұны бір болғанмен, құрылымы басқаша екенін дәлелдеуі және Қазақстанда цифрлық дипломатиямен келіссөздер ресми емес, тек бейресми деңгейде екенін аргументтеуі – жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижесі ұлттық корпусның тақырыптық ішкорпустарын әзірлеуге, дипломатиялық терминдер жүйесін толықтыруға, дипломат тұлғасының идиостилін анықтауға үлес қосады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген	<p>Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Біріншіден, қазіргі Жаңа Қазақстанға көрші мемлекеттермен достықта болу, алыс шетелмен дипломатиялық байланыста болу мүдделенеді. Жалпы дипломатиялық этикетке сәйкес «толеранттылық» жағымды мазмұнда таныла бастағаны дәлелдермен негізделген. Алпауыт елдердің дипломатиясында екі тарап арасындағы өктем мүдденің басым болуы, соған орай сәтсіз коммуникацияның орын алуы, содан дипломатиялық этикеттің бұзылуына апаруы дипломатиялық дискурста «төзімділік / толеранттылық» жағымды мағынада қабылдауға септігін тигізгенін дәйектейді. Осындай тізбекті әрі жүйелі дәлелдемелер арқылы ғылыми тұжырымдарға қол жеткізген.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі, дәлелдеуші мысалдар мен дәйекті деректер айқын.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат тривиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты таңдалған. Зерттеу дереккөздеріне сайттағы сұхбаттар, бейнежазбалар, телекомментатордардың комментарийлері алынғандықтан, аудио-визуалды акценттік мәтіндерге сараптама жасаудың үлгілері ұсынылған.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидат жаңа, себебі бұрын-соңды анықталмаған қазақ дипломатиялық дискурсының негізгі басым белгілері анықталған, соның негізінде жаңа тезаурустық сөздік құрастырылған.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидаттың қолданылу аясы кең, себебі тілдің негізгі құрамдас бөлігі – дипломатиялық дискурс кеңістігі зерттеліп отыр.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидаттар мақалада дәлелденген. 1 скопус, 3 ККСОН, 1 халықаралық ғылыми конференцияда жарияланған мақалаларда көрініс тапқан.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысында арнайы лингвистикалық әдістер: дескриптивті-аналитикалық, мәнмәтіндік талдау әдісі, компонентті талдау әдісі; дискурс талдау әдістері: дискурс талдаудың категориялары мен өлшемдері, функционалды-прагматикалық әдіс, лексикографиялық әдіс, тезаурус құру әдісі, коммуникативті мағына ашу, яғни семантикалық әдіс қолданылды. Қолданбалы әдістер қатарынан сауалнама әдісі мен сұхбаттасу әдісі қолданылған</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертациялық зерттеулерді растайтын сұхбат, сауалнама бейнежазбаларының сілтемелері ұсынылған.</p>

		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Жұмыстың қорытындылары сауалнамамен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Сондай-ақ жұмыстың нақты мәліметтерін растайтын қосымша материалдары берілген. Диссертацияда ғылыми еңбектер теориялық негіздемесін растау үшін алынса, дәйекті деректерді растау үшін кездесулер мен келіссөздерге қол қою бейнежазбалары, дипломатиялық диалогтердің аудиожазбалары алынған және олар сілтемемен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> . Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттің жалпы саны –144. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы институционалды дискурстың айырым белгілерін нақтылап беруімен бағаланады. Сондықтан, бұл жұмыс дискурс теориясын, оның ішінде қазақ дискурсының теориясын жасауға, толықтыруға елеулі үлес қосады. Бұнымен қоса, дипломатиялық дискурстың құрылымы анықталған. Демек, дипломатиялық дискурс параметрлерін жасауға септігін тигізеді. Бұнымен қоса, дипломатиялық тұлғаны анықтау және оның тілін зерттеудің үлгілері ұсынылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зор. Себебі, біріншіден, қазақ дипломатиялық тілінің көнеден қазіргі күнге дейінгі төл терминдері жиналған. Екіншіден, қазақ дипломатиялық дискурсының тезаурусы ұсынылған. Демек, қазақтың төл дипломатиялық

			лексикографиялық қорын қалыптастыруға үлес қосқан. Бұл қазақ әдеби тілінің сөздік қорын байытатыны анық.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі қазақ дипломатиялық дискурсының тезаурусы алғаш рет құрастырылып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Фариза Кенжеғалиқызы Исмаилованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Себебі қазақ дипломатиялық дискурсының тезаурусы қазақ тілінің салалық сөздік қорын толықтырушы қосалқы белгілерінің жүйесі екенін; қазақ дискурсында сөз мағынасын дұрыс қолдануда қажеттілікті өтейтінін көрсетеді.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша қорғауға жіберуде дайын жұмыс деп санаймын.**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызының «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Дипломатиялық дискурстың коммуникативті-прагматикалық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Абылай хан атындағы ҚХЖӘТУ-нің профессоры,

филология ғылымдарының докторы

Қойылған *Исмаилов*
қолтаңбасын растаймын

Кадрлар бөлімінің инспекторы

Подпись *Исмаилов* заверяю

Инспектор отдела кадров *Исмаилов*



Ислам Айбарша